ҒТАМР 02.41.11 https://doi.org/10.26577/jpcp97320265

Е.Н. Осербаев[1], Ж.Н. Бекенова[1]*, Е.Д. Ержанов[2], Ө. Чобаноғлы[3], А.А. Кабдолланова[4]

[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
[2] Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
[3]Хаджеттепе университеті, , Анкара, Түркия
[4]Қазақстан-Британ техникалық университеті, Алматы, Қазақстан
*e-mail: bekenova.zhumagul@kaznu.kz

НАУРЫЗ МЕЙРАМЫНДАҒЫ ЖАҢАРУ ЖӘНЕ МӘДЕНИ САБАҚТАСТЫҚ КОНЦЕПТІ: ТҮРКІЛІК ДҮНИЕТАНЫМ КОНТЕКСІНДЕГІ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ-МӘДЕНИЕТТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ

Наурыз мейрамы түркі халықтарының табиғат, уақыт және адам арасындағы байланысты түсіндіретін дәстүрлі дүниетанымының маңызды көріністерінің бірі. Мерекенің тарихи қалыптасуы мен этномәдени сипаты әр кезеңде зерттелгенімен, оның түркілік дүниетанымдағы философиялық мазмұны мен мәдени негіздері әлі де тереңірек пайымдауды қажет етеді. Осы мақалада Наурыз түркі халықтарының рухани құндылықтары, мәдени сабақтастығы және дүниені қабылдау тәжірибесі тоғысатын мәдени феномен ретінде қарастырылады.

Зерттеудің мақсаты – Наурыздың түркілік моделін философиялық және мәдениеттанулық тұрғыдан талдап, оның түркі дүниетанымындағы орнын және қазіргі мәдени кеңістіктегі мәнін ашу. Осы мақсатқа жету үшін тарихи-салыстырмалы, компаративистік, герменевтикалық және мәдениеттанулық талдау әдістері қолданылды. Зерттеу барысында түркі және иран халықтарының тарихи-мәдени деректері, фольклорлық мұрасы, этнографиялық материалдары мен ғылыми еңбектері өзара салыстырыла қарастырылды. Талдау нәтижесі Наурыздың табиғаттың маусымдық жаңаруын ғана білдіретін мереке емес екенін көрсетеді. Оның мазмұнында табиғат пен адам арасындағы үйлесім, уақыттың циклдік сипаты, қауымдық бірлік, жаңару және ұрпақтар арасындағы мәдени сабақтастық идеялары өзара тоғысады. Осы қырынан алғанда, Наурыз түркілік дүниетанымда өткен мен бүгінді жалғастыратын мәдени жадының бір формасы ретінде көрінеді. Сонымен бірге мерекенің қазіргі қоғамдағы мазмұны ұлттық бірегейлік пен мәдени тұтастықты сақтаудың жаңа тәсілдерімен ұштасып отыр.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы Наурызды тек этнографиялық немесе дәстүрлі мереке ретінде емес, түркі дүниетаымының құндылықтық құрылымын танытатын мәдени-философиялық феномен ретінде қарастырудан көрінеді. Бұл тәсіл Наурыздың дәстүр, мәдени жады, ұлттық бірегейлік және түркілік дүниетаным арасындағы байланыстарды тереңірек түсіндіруге мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері мәдениет философиясы, мәдениеттану және түркітану бағыттарындағы Наурыз феноменін зерделеуге теориялық негіз бола алады.

Түйін сөздер: Наурыз, түркі дүниетанымы, мәдениет философиясы, мәдениеттану, мәдени мұра, дәстүрлі мерекелер, ұлттық бірегейлік, мәдени код, рухани құндылықтар, түркі өркениеті.

Y. Osserbayev[1], Zh. Bekenova[1]*, Y. Yerzhanov[2], Ozkul Çobanoğlu[3], A.A. Kabdollanova[4]

[1]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
[2]Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
[3]Hacettepe University, Ankara, Türkiye
[4]Kazakh-British Technical University, Almaty, Kazakhstan
*e-mail: bekenova.zhumagul@kaznu.kz

The Concept of Renewal and Cultural Continuity in the Nauryz Festival: A Philosophical and Cultural Analysis in the Context of the Turkic Worldview

The Nauryz celebration is one of the significant manifestations of the traditional worldview of Turkic peoples, reflecting their understanding of the interconnectedness of nature, time, and human existence. Although the historical formation and ethnocultural characteristics of the celebration have been examined in various studies, its philosophical meaning and cultural foundations within the Turkic worldview require further consideration. This article approaches Nauryz as a cultural phenomenon in which the spiritual values, cultural continuity, and ways of perceiving the world characteristic of Turkic peoples are articulated.

 © 2026 Al-Farabi Kazakh National University

The study aims to examine the Turkic model of Nauryz from philosophical and cultural perspectives, identify its place within the Turkic worldview, and clarify its significance in the contemporary cultural context. The research employs historical-comparative, comparative, hermeneutic, and cultural approaches. Historical and cultural sources, folklore heritage, ethnographic materials, and scholarly works related to Turkic and Iranian peoples are examined comparatively.

The analysis demonstrates that Nauryz cannot be reduced to a celebration of the seasonal renewal of nature. Its meaning encompasses interconnected ideas of harmony between humans and nature, the cyclical nature of time, social unity, renewal, and cultural continuity across generations. From this perspective, Nauryz can be understood as a form of cultural memory that connects the past with the present within the Turkic worldview. At the same time, the contemporary significance of the celebration is closely associated with current approaches to preserving national identity and cultural integrity.

The scholarly novelty of the study lies in approaching Nauryz not merely as an ethnographic or traditional celebration, but as a cultural-philosophical phenomenon that reveals the value structure of the Turkic worldview. This approach provides a deeper understanding of the relationships between Nauryz, tradition, cultural memory, national identity, and the Turkic worldview. The findings may provide a theoretical basis for further research on the Nauryz phenomenon within the fields of philosophy of culture, cultural studies, and Turkic studies.

Keywords: Nauryz, Turkic worldview, philosophy of culture, cultural studies, cultural heritage, traditional celebrations, national identity, cultural code, spiritual values, Turkic civilization.

Е. Осербаев[1], Ж. Бекенова[1*], Е. Ержанов[2],
О. Чобаноглу[3], А. Кабдолланова[4]

[1]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
[2]Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан
[3]Университет Хаджеттепе, Анкара, Турция
[4]Казахстанско-Британский технический университет, Алматы, Казахстан
*e-mail: bekenova.zhumagul@kaznu.kz

Концепт обновления и культурной преемственности в празднике Наурыз: философско-культурологический анализ в контексте тюркского мировоззрения

Праздник Наурыз является одним из значимых проявлений традиционного мировоззрения тюркских народов, отражающего их представления о взаимосвязи природы, времени и человека. Несмотря на то, что историческое становление и этнокультурная специфика праздника неоднократно становились предметом исследования, его философское содержание и культурные основания в контексте тюркского мировоззрения требуют дальнейшего осмысления. В статье Наурыз рассматривается как культурный феномен, в котором находят выражение духовные ценности, культурная преемственность и способы восприятия мира, характерные для тюркских народов.

Цель исследования заключается в философском и культурологическом анализе тюркской модели Наурыза, выявлении его места в тюркском мировоззрении и значения в современном культурном пространстве. Для достижения поставленной цели использовались историко-сравнительный, компаративистский, герменевтический и культурологический методы анализа. Историко-культурные источники, фольклорное наследие, этнографические материалы и научные труды тюркских и иранских народов рассматривались в сопоставительном контексте.

Проведённый анализ показывает, что Наурыз не сводится исключительно к празднованию сезонного обновления природы. В его содержании переплетаются представления о гармонии человека и природы, цикличности времени, общественном единстве, обновлении и культурной преемственности поколений. В этом отношении Наурыз выступает одной из форм культурной памяти, связывающей прошлое и настоящее в рамках тюркского мировоззрения. Вместе с тем современное содержание праздника связано с актуальными способами сохранения национальной идентичности и культурной целостности общества.

Научная новизна исследования заключается в рассмотрении Наурыза не только как этнографического или традиционного праздника, но и как культурно-философского феномена, раскрывающего ценностную структуру тюркского мировоззрения. Такой подход позволяет глубже осмыслить взаимосвязи между Наурызом, традицией, культурной памятью, национальной идентичностью и тюркским мировоззрением. Полученные результаты могут служить теоретической основой для дальнейшего изучения феномена Наурыза в рамках философии культуры, культурологии и тюркологии.

Ключевые слова: Наурыз, тюркское мировоззрение, философия культуры, культурология, культурное наследие, традиционные праздники, национальная идентичность, культурный код, духовные ценности, тюркская цивилизация.

Кіріспе

2009 жылы Наурыз мейрамы адамзаттың дүниежүзілік материалдық емес мәдени мұрасының ЮНЕСКО-ның репрезентативті тізіміне енді. Біріккен Ұлттар Ұйымы бұл мереке үрпақтар арасындағы және отбасындағы бейбітшілік пен ынтымақтастық құндылықтарын, сондай-ақ татулық пен тату көршілікті насихаттайды деп санайды. 2010 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы Наурыз мейрамын халықаралық Наурыз күні деп жариялап, қазір 21 наурызды әлемде Халықаралық Наурыз күні деп атайды. Көктемгі күн мен түннің теңелуін Солтүстік жарты шардың көптеген елдерінің халықтары Үндістан түбегі мен Орталық Азиядан Жерорта теңізі мен Оңтүстік-Шығыс Еуропаға дейін атап өтеді. ЮНЕСКО-ның Париждегі штаб-пәтерінде өткен Наурыз мейрамын тойлауда ЮНЕСКО-ның Бас директоры Ирина Бокова: «Талай дәстүрлер мен жоралғыларды тудырған бұл көне мереке табиғат пен құнарлылықтың жаңғыруымен байланысты. Әндер, билер, аспаздық өнімдер және Наурыз мерекесін тойлаудың басқа да түрлері – мұның барлығы ЮНЕСКО бүкіл әлемге ұсынуға және танымал етуге тырысады. Бұл мерекенің басты құндылықтары – бейбітшілік, ынтымақ, халықтар арасындағы достықты жаңғырту, төзімділік пен табиғатпен үндестік – үрпақтан-үрпаққа мұра болып қалды. Бұл құндылықтар бүгінде, біздің қиын, тынымсыз заманда ерекше маңызды» (United Nations, 2010)

Зерттеудің мақсаты – Наурыз мейрамының түркілік дүниетанымдық негіздерін философиялық және мәдениеттанулық тұрғыдан кешенді талдау, оның мазмұнында көрініс табатын табиғат пен адам үйлесімі, уақыттың циклдік сипаты, жаңару, рухани сабақтастық және мәдени жады идеяларының мәні мен маңызын айқындау. Наурыз бұл тұрғыда дәстүрлі мереке шеңберімен шектелмейтін, түркі халықтарының дүниені тану және қабылдау ерекшеліктерін, сондай-ақ олардың негізгі құндылықтық бағдарларын танытатын маңызды мәдени-философиялық феномен ретінде қарастырылады. Аталған мәселені зерттеу Орталық Азияның қазіргі мәдени кеңістігі жағдайында да өзекті болып табылады, өйткені Наурыз аймақ халықтарының тарихи-мәдени байланыстарын, ортақ түркілік мұраның сабақтастығын және мәдени ықпалдастық үдерістерін айқындайтын маңызды құбылыстардың бірі саналады. Осыған байланысты Наурыздың дүниетанымдық негіздерін ғылыми тұрғыдан зерделеу дәстүрлі құндылықтардың сақталуы мен жаңғыру үдерістерін, мәдени жадының қызметін және үрпақаралық сабақтастықтың қазіргі қоғамдағы әлеуметтік-мәдени мәнін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.Қойылған мақсатқа жету үшін екі негізгі міндет белгіленді.

Біріншіден, Наурыз мейрамының түркілік дүниетанымдағы табиғат пен адам үйлесімі, уақыттың циклдік сипаты, жаңару және рухани сабақтастық туралы дәстүрлі түсініктермен сабақтастығын философиялық тұрғыдан талдау, сондай-ақ оның тарихи-мәдени қалыптасу үдерісіндегі түркілік және ирандық мәдени дәстүрлердің өзара ықпалдастығының ерекшеліктерін айқындау; екіншіден, Наурызға тән салт-жоралғылар мен рәміздердің дүниетанымдық мазмұнын мәдениеттанулық тұрғыдан саралау арқылы олардың мәдени жадының сақталуы мен жаңғыруындағы, дәстүрлі құндылықтардың үрпақтан үрпаққа берілуіндегі және үрпақаралық сабақтастықтың қамтамасыз етілуіндегі мәні мен қызметін анықтау.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Наурыз мейрамының түркілік дүниетанымдық негіздерін табиғат пен адам үйлесімі, уақыттың циклдік сипаты, жаңару және рухани сабақтастық идеяларының өзара сабақтастығы негізінде кешенді пайымдаумен айқындалады. Зерттеу барысында аталған идеялар Наурыздың жекелеген рәміздері мен салт-жоралғыларында көрініс табатын өзара байланысты дүниетанымдық жүйенің құрамдас элементтері ретінде сараланады. Наурызға тән мәдени тәжірибелер дәстүрлі құндылықтарды сақтау, үрпақтан үрпаққа жеткізу және олардың тарихи-мәдени мазмұнын жаңғырту тетіктері тұрғысынан қарастырылады. Осы тұғыр негізінде Наурыз ортақ тарихи-мәдени жадтың сабақтастығын қамтамасыз ететін, дәстүрлі түркілік дүниетанымдық құндылықтардың қазіргі мәдени кеңістіктегі репрезентациясы мен жаңғыруына ықпал ететін мәдени-философиялық феномен ретінде тұжырымдалады.

Әдебиеттерге шолу

Наурыз мейрамы түркі халықтарының тарихи жады, дүниетанымы және мәдени сабақтастығының маңызды құрамдас бөлігі ретінде соңғы жылдары гуманитарлық ғылымдарда ерекше назар аудартуда. Әсіресе 2024–2026 жылдары жарияланған зерттеулерде Наурыз ұлттық біregейлікті қалыптастырудың, мәдени кодты сақтаудың және түркі өркениетінің ортақ құнды-

лықтарын жаңғыртудың маңызды тетігі ретінде қарастырылады. Соған қарамастан, қазіргі ғылыми әдебиеттерде мерекенің тарихи және этнографиялық аспектілері кеңінен зерттелгенімен, оның түркілік дүниетанымдағы философиялық негіздері мен мәдениеттанулық мазмұны әлі де жеткілікті деңгейде жүйеленбеген.

Қазіргі зерттеулердің ішінде Қаленова мен Артықбаевтың еңбегі ерекше орын алады. Авторлар Наурыздың тарихи қалыптасуын, дәстүрлік кешенін және ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы рөлін талдап, мерекенің қазақ қоғамындағы әлеуметтік-интеграциялық қызметін негіздейді. Алайда зерттеу негізінен тарихи-этнографиялық сипатта болғандықтан, Наурыздың дүниетанымдық және философиялық категориялары арнайы қарастырылмайды (Артықбаев & Қаленова, 2025)

Кенжеева (2025) Өзбекәлі Жәнібектің ұлттық мәдениетті жаңғыртудағы қызметін талдай отырып, Наурыздың тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы мәдени саясаттың маңызды элементіне айналғанын көрсетеді. Автор мерекенің ұлттық сананы жаңғыртудағы рөлін дәлелдейді, бірақ оның түркі өркениетінің дүниетанымдық моделі ретіндегі философиялық мазмұнына тоқталмайды (Кенжеева, 2025).

Халықаралық ғылыми әдебиетте Наурыздың мәдени және өркениеттік маңызына қызығушылық айтарлықтай артты. Frontiers in Communication журналында жарияланған Zeinullin және т.б. (2025) зерттеуі Наурызды қазақ және ноғай халықтарының мәдени тәжірибесі арқылы талдап, оның уақыттың циклдік сипатын, табиғат пен қоғам арасындағы үйлесімділікті және мәдени жаңаруды бейнелейтін символдық жүйе екенін көрсетеді. Авторлар құрылымдық және функционалдық антропология қағидаларын пайдалана отырып, Наурыздың мәдени код ретіндегі қызметін негіздейді. Бұл еңбек мерекені философиялық тұрғыдан түсіндіруге жақындағанымен, оның түркі дүниетанымының тұтас құндылықтық жүйесімен байланысы толық ашылмаған (Zeinullin et al., 2025).

Соңғы зерттеулердің қатарында Turdubaeva мен Zhumgalbekov (2024) Наурызды бүкіл түркі әлемін біріктіретін мәдени феномен ретінде қарастырып, оның жаңару, қоғамдық келісім және мәдени интеграция идеяларын дәріптейтінін көрсетеді. Зерттеу түркі халықтарының ортақ мәдени кеңістігін қалыптастырудағы Наурыздың маңызын айқындағанымен, философиялық-мәдениеттанулық интерпретация жеткілікті дәрежеде дамытылмаған (Turdubaeva & Zhumgalbekov, 2024).

Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының қоғамды жаңғырту үдерісіндегі әлеуметтік-мәдени маңызы қарастырылған. Дәстүрлі мәдениетті сақтау және оны қазіргі қоғамдық жағдайға бейімдеу ұлттық мәдениетті жаңғыртудың маңызды тетіктерінің бірі ретінде сипатталған (Жетпысбаев, 2023).

Халықаралық ұйымдардың қазіргі ұстанымы да Наурыздың мәдени-философиялық маңызын күшейте түседі. ЮНЕСКО-ның 2024 жылғы шешімі мен 2025 жылғы жарияланымдарында Наурыз табиғатпен үйлесім, мәдени әртүрлілік, ұрпақтар сабақтастығы және бейбітшілік құндылықтарын біріктіретін адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасы ретінде бағаланады.

Жүргізілген әдебиеттерді талдау қазіргі зерттеулердің басым бөлігі тарихи, этнографиялық және әлеуметтік-мәдени бағытта жүргізілгенін көрсетеді. Осы зерттеудің ғылыми жаңалығы – Наурыз мейрамын тарихи дәстүр ретінде ғана емес, түркі дүниетанымының құндылықтық жүйесін бейнелейтін мәдени феномен ретінде қарастырып, оның жаңару, жасампаздық, уақыттың циклдік сипаты, мәдени код және рухани сабақтастық идеяларын философиялық және мәдениеттанулық тұрғыдан кешенді талдауында. Мұндай тәсіл Наурыздың қазіргі түркі қоғамындағы өркениеттік және дүниетанымдық маңызын жаңа ғылыми деңгейде пайымдауға мүмкіндік береді.

Әдіснама

Зерттеу барысында сапалық ғылыми зерттеу әдістері қолданылды. Атап айтқанда, тарихи-салыстырмалы әдіс Наурыз мейрамының қалыптасуы мен эволюциясын түркі және иран халықтарының тарихи-мәдени тәжірибесі негізінде зерделеуге мүмкіндік берді. Компаративистік әдіс арқылы түркі халықтарының Наурызға қатысты дәстүрлері, салт-жоралғылары мен дүниетанымдық ұстанымдарының ортақ және ерекше белгілері анықталды.

Герменевтикалық әдіс фольклорлық мәтіндерді, мифологиялық сюжеттерді, тарихи жазба деректерді және ғылыми еңбектерді интерпретациялау барысында қолданылып, Наурыздың символдық және дүниетанымдық мазмұнын ашуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар мәдениеттанулық талдау арқылы Наурыздың мәдени код, рухани құндылық, әлеуметтік интеграция

және мәдени сабақтастық феномені ретіндегі орны айқындалды. Ал философиялық талдау уақыттың циклдік сипаты, табиғат пен адам арасындағы үйлесім, жаңару және жасампаздық идеяларының түркі дүниетанымындағы көріністерін пайымдауға бағытталды.

Зерттеудің дереккөздерін түркі және иран халықтарының тарихи-мәдени мұралары, фольклорлық материалдары, этнографиялық еңбектері, тарихи жазба ескерткіштері, сондай-ақ Наурыз мейрамының шығу тегі мен мәдени мәніне арналған отандық және шетелдік ғылыми зерттеулер құрады. Әдебиеттерді іріктеу олардың ғылыми сенімділігі, зерттеу тақырыбына сәйкестігі және мәселені ашудағы теориялық маңыздылығы негізінде жүзеге асырылды.

Ғылыми нәтижелер

Наурыз – әмбебап мәдени феномен ретінде

Зерттеу нәтижелері Наурыз мейрамының түркі халықтарының дүниетанымдық жүйесінде қалыптасқан әмбебап мәдени феномен екенін көрсетеді. Тарихи және жазба деректер Наурыз дәстүрінің Иран – Тұран мәдени кеңістігіндегі өзара ықпалдастық негізінде қалыптасқанымен, оның мазмұны түркілік дүниетанымның құндылықтық қағидаларымен сабақтасып дамығанын дәлелдейді. Сондықтан Наурызды белгілі бір этностың мерекесі ретінде ғана емес, түркі өркениетінің ортақ мәдени жадын сақтаған мәдени институт ретінде қарастыруға негіз бар.

Зерттеу барысында Наурыздың дүниетанымдық өзегін табиғат пен адам арасындағы үйлесім, уақыттың циклдік сипаты және тіршіліктің үздіксіз жаңару идеялары құрайтыны анықталды. Күн мен түннің теңелуі түркілік дүниетанымда астрономиялық құбылыс қана емес, ғарыштық үйлесімнің, жаңа өмір кезеңінің және әлеуметтік жаңарудың символы ретінде қабылданған. Осыған сәйкес халық астрономиясы, күнтізбелік білім және табиғат құбылыстарын бақылау Наурыздың мәдени-философиялық мазмұнын қалыптастырған.

Салыстырмалы талдау Наурыздың әртүрлі халықтарда түрлі атаулармен және жергілікті ерекшеліктермен сақталғанын көрсетті. Алайда олардың ортақ мазмұны жаңару, береке, келісім және қауымдық бірлік идеяларына негізделеді. Түркілік модельдің ерекшелігі табиғат, қоғам және адам арасындағы үйлесімділікті мәдени нормалар мен рәсімдер арқылы бекітуінде көрінеді. Осы тұрғыдан Наурыз әлеуметтік интеграцияны, үрпақтар сабақтастығын және мәдени жадының сақталуын қамтамасыз ететін құндылықтық механизм қызметін атқарады (Aras, 2021).

Философиялық талдау Наурыздың түркілік дүниетанымда кеңістік пен уақыттың тұтастығын, адам мен табиғаттың өзара тәуелділігін және әлемдік үйлесім идеясын бейнелейтін әмбебап мәдени модель екенін айқындады. Мерекенің негізгі рәміздері – Күн, жарық, көктем және жаңару – түркі мәдениетінің аксиологиялық жүйесінде өмірдің үздіксіздігі мен жасампаздықтың көрінісі ретінде қызмет етеді. Осылайша, Наурыз этнографиялық дәстүрлер жиынтығы ғана емес, қазіргі жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті, мәдени сабақтастықты және өркениеттік құндылықтарды сақтауға ықпал ететін маңызды мәдени институт болып табылады.

Алынған нәтижелер Наурыздың түркілік моделін тарихи-этнографиялық құбылыс деңгейінде ғана емес, мәдениет философиясы мен түркі дүниетанымының құндылықтық жүйесі аясында қарастырудың ғылыми негізділігін дәлелдейді. Бұл тұжырым Наурыз феноменін қазіргі гуманитарлық зерттеулерде мәдени тұрақтылық, өркениеттік сабақтастық және ұлттық бірегейлік мәселелерімен байланыстыра пайымдауға мүмкіндік береді.

Наурыз мейрамын тойлау тарихы

Наурыз – түркі және иран халықтарының ортақ мәдени мұрасы ретінде ежелгі дәуірден бері қалыптасқан көктемгі жаңару мерекесі. Оның негізгі мазмұны табиғаттың жаңаруы, уақыттың циклдік сипаты, қоғамдық келісім мен рухани тазару идеяларымен сабақтасады. Дәстүрлі түркі қоғамында Наурызды қарсы алу бірнеше күнге созылған рәсімдер кешенінен тұрған. Мереке күндері таңды қарсы алу, ата-баба рухына тағзым ету, қасиетті орындарды зиярат жасау, отты айналу және ғұрыптық ән айту сияқты рәсімдер орындалған. Көне парсы дәстүрінде «Наурыз үш күн бойы тақта отырады» деген түсінік қалыптасып, бұл кезеңде құдайларға арнап құрбандық тағамдары әзірленіп, ата-баба рухына құрмет көрсетілген.

Наурыз рәсімдерінде қасиетті жеті саны ерекше рәміздік мәнге ие болды. Жеті үйге қонаққа бару, жеті қонақ шақыру және жеті түрлі тағамнан тұратын дастарқан әзірлеу молшылық, береке және табиғаттың жаңаруын бейнелейтін әмбебап мәдени код ретінде қабылданды. Бұл

дәстүр түркі халықтарының көпшілігінде сақталғанымен, оның ұлттық ерекшеліктері әр халықтың тарихи-мәдени тәжірибесіне сәйкес қалыптасты (Suiçer & Gökbayır, 2024)

Мерекелік тағамдардың құрылымы да осы символикалық жүйеге негізделеді. Қазақ мәдениетінде Наурыздың басты ғұрыптық асы – Наурыз көже**,** оның құрамындағы жеті түрлі тағам өмірдің тұтастығын, тоқшылық пен берекені білдіреді. Өзбектерде – *сумалак*, қырғыздарда – *сүмелек* пен *чоң көже*, әзербайжандарда – *шекербура*, түріктерде көктеген бидайдан дайындалатын тағамдар, тәжіктер мен түрікмендерде дәнді дақылдардан әзірленетін дәстүрлі астар кең таралған. Бұл ұқсастықтар Наурыздың түркі әлеміндегі ортақ мәдени негізін, ал ерекшеліктері әр халықтың этномәдени болмысын айқындайды .

Орта ғасырларда Наурыз ислам өркениеті кеңістігінде де өзінің мәдени маңызын сақтап, мұсылман халықтарының дәстүрлік өмірінің құрамдас бөлігіне айналды. Оның идеялық мазмұны халықтық әдет-ғұрыптармен ұштасып, әдеби және тарихи деректерде кеңінен көрініс тапты. Ежелгі грек тарихшысы Страбон Месопотамия тұрғындарының күн мен түн теңелген күні От ғибадатханасына жиналып, қоғамдық өмірді уақытша тоқтатып, ортақ мереке өткізетіндігін жазады. Бұл дерек Наурыздың діни рәсім ғана емес, қоғамдық тұтастықты нығайтатын әлеуметтік институт болғанын көрсетеді.

Парсы әдебиетінің көрнекті өкілі Әбілқасым Фирдоуси «Шахнамада» Наурыздың бастауын Жәмшид патшаның билігімен байланыстырып, оны жаңа жылдың әрі мемлекеттің жаңаруын білдіретін мереке ретінде сипаттайды. Ал Әбу Райхан әл-Бируни «Асар әл-Бақия» еңбегінде Наурыздың күн мен түннің теңелуімен байланысын, бұл күні халықтың еңбек қызметін тоқтатып, ортақ мерекелік рәсімдер өткізетінін атап көрсетеді. Махмұд Қашқари «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегінде Наурызды түркі дүниетанымындағы табиғаттың маусымдық жаңаруымен байланыстыра сипаттайды.

Наурыздың ғылыми негізделуі ортағасырлық ғалым Омар Хайямның еңбектерінде көрініс тапты. Ол астрономиялық бақылауларға сүйене отырып, көктемгі күн мен түннің теңелуін жылдың табиғи бастауы ретінде негіздеп, 1079 жылы Мәлики күнтізбесін жасады. «Наурызнама» еңбегінде Наурыздың уақыт есебіндегі орны мен жаңа жылдың басталу себептері астрономиялық заңдылықтар арқылы түсіндірілген. Осыдан бастап Наурыз Шығыс халықтарының көпшілігінде жылдың басталуын білдіретін мереке ретінде орнығып, қазақ дәстүрінде «Ұлыстың ұлы күні» және «Жаңа жылдың бірінші күні» атауларымен сақталды (Çetin, 2009)

Жалпы алғанда, тарихи деректер Наурыздың тек көктем мерекесі емес, табиғаттың циклдік жаңаруын, әлеуметтік ынтымақты және мәдени сабақтастықты білдіретін көпқырлы өркениеттік феномен екенін көрсетеді. Оның дәстүрлік құрылымында түркілік және ирандық мәдени қабаттардың өзара ықпалдастығы айқын байқалып, кейінгі исламдық мәдени кеңістікте жаңа мазмұнмен толыққан әмбебап мәдени институт ретінде қалыптасқаны анықталады.

Наурыз мейрамы Иран-Тұран мәдени сұхбатының феномені ретінде

Мәдени сұхбаттың ежелден келе жатқан көрінісі – мұсылман халықтарында кең тараған Наурыз мейрамы. Ұлыстың ұлы күні Наурыз халқымыздың байырғы мерекесі. Бұл мейрам көктемде күн мен түн теңеліп, жер иіп, мал-жанның жадырайтын шағында өтеді. Наурыз парсы тілінде «Рузи-нау», «жаңа күн» дегенді білдіреді. Бұл ежелде жаңарған табиғи мейрамы болса керек. Наурыз зороастризмдік жеті мейрамның ішіндегі ең маңыздысы. Зороастризм эсхатологиясына сәйкес наурыз күні әлемде әділеттілік, жақсылық орнап, зұлымдық жойылады, ол мәңгілік өмірдің алғашқы күні. Күннің, жарықтың, нұрдың ұзарып, түннің қысқаруы, жақсылықтың жамандықты жеңіп, салтанат құруын рәміздейді. Наурызды осындай Заратуштралық түрғыда түсіну қазақ халқында сақталған, өйткені, бұл шақ жамандықты жақсылық жеңген, өткен жыл кетіп жаңа жыл енген шақ деп саналған. Наурыз әлемнің, табиғаттың жаңаруы, жандану мейрамы.

Бұқара халық тарапынан қолдау іздеген зәрдештер халықтық мейрамды жаңа діни дүниетаным құрамына енгізіп, оның бастапқы мәнін жаңа көзқарас түрғысынан толықтырып, қайта өңдеген. Зороастризмдік рәсім-рәміздер Орталық Азия мен Қазақстанда ислам дінінің таралуы барысында оның әдет-ғұрыптарымен сіңісіп кетті. Ислам ескі діни әдет-ғұрыптарды қабылдайды. Сөйтіп, олар жаңа идеология түрғысынан қайта өңделеді. Ескі діни әдет-ғұрыптарының исламның рәсімдер жүйесіне ену түрғылықты халықтардың исламды қабылдап, оның бұл аймақта жылдам қарқынмен таралуына ықпал етті.

Жоғарыда айтылғандарды жинақтай келе төмендегідей тұжырымдар жасауға болады. Заратуштраға дейінгі наным-сенімдер табиғат объектілері мен құбылыстарына табыну сипатындағы жетілген политеизм болып табылады, сонымен қатар, осы уақыттарда адамдық қасиеттерді білдіретін құдайлар тобы қалыптасып, басқалардын жіктеле бастайды. Олардың ішінде батылдықпен адалдықтың, келісім мен әділеттіліктің кепілі болып табылатын Митра ерекше дараланды. Халықтық наным-сенімдерде от пен суға табыну маңызды орын алады. Алайда әлеуметтік қарым-қатынастардың күрделенуіне және абстрактілі ойлау қабілетінің жетілуіне (мән мен құбылыстың аражігін ашу) байланысты абстрактілі қасиеттерді білдіретін құдайлар тобы көне табиғи құдайларды (жер, су, от т.б.) ығыстыра бастайды. Заратуштра ілімінде құдай ешқандай табиғи объекті немесе құбылыспен байланыссыз, таза рухани мәнге айналады (Başar & Gözcü, 2026)

Заратуштраға дейінгі наным-сенімдер әдет-ғұрыптарды сақтардың діни көзқарастарымен және салт-дәстүрлерімен салыстырып зерттеу олардың арасында белгілі бір байланыстың бар екендігін көсетеді. В.И. Абаевтің, М. Бойстың, В.В. Струвенің, С.П. Толстовтың және т.б. пікіріне сүйене отырып Зарастуштра скиф-сақтар арасында дүниеге келген деп топшылаймыз. Сондықтан, оның дүниетанымының діни көзқарастарының қалыптасуында сол дәуірдегі скиф-сақ мәдениетінің ықпалы зор болды. Заратуштраның өмір сүрген уақыты скиф-сақтар мәдениетінің гүлденген кезіне, яғни б.з.б. I мыңжылдыққа сәйкес келеді. Скиф-сақтардың діни наным-сенімдеріне тоқталатын болсақ, ол дамыған политеистік сипатта болды. Олардың діни жүйелерінде аруақты қадірлеу, оған табыну ерекше орын алады. Сонымен қатар, от пен су киелі стихия саналады, оларға арнап құбандық шалу маңызды діни рәсімдер қатарына жатады. Компаративстік тәсілге сүйене отырып, сақ мифологиясын зерттеу – сақ мифологиясының даму дәрежесінің жоғары болғандығын көрсетеді.

Сақтардың Тарғытаймен байланысты генеологиялық аңызы, алғашқы патша тағдырын қайталайтын рәсім-мейрамдары Авесталық кейіпкер Траэтон мен Йиманы еске түсіреді. Бұл Қазақстан жерін мекендеген ежелгі тайпалардың көне Иран тайпаларымен мәдени қарым-қатынаста болғанын көрсетеді А.К. Ақышев Йима туралы аңыз сақ-массагеттер арасында, Жетісу өңірінде қалыптасқан болуы мүмкін деп топшылайды . В. И. Абаев: «Шығыс ирандықтар (Орталық Азия мен Қазақстан жерін. мекендеген көне тайпалар З.Қ.) мифтерді, діни жүйелерді, эпикалық жырларды дүниеге әкеліп, олармен Батыс Иранды байытты», – дейді.

Осының негізінде Авестаға негізделген мейрам-рәсімдердің басым көпшілігі аталған аймақтарда дүниеге келген деп қарастырамыз. Алтын адам эпикировкасындағы бүйымдардың сібір шамандарының, зороастризмдік атравандардың, ведалық брахмандардың бүйымдарымен үқсастығы назар аударады. Шамандар мен атравандар киімі үлгілері көңіл аударуды қажет етеді, оларға тән ортақ нәрсе құстың үшуын бейнелеу болып табылады. Алтын адамның бас киіміндегі алтын қанаттардың да рәміздік мәні- жоғарғы әлем мен жер арасында медитациялау. Бұл үқсастықтарды кездейсоқтық деп айта алмаймыз.

Заратуштра реформаларына дейін Үлы Далада Митраны терiске шығарғанымен оның көптеген принциптерін жаңа діни жүйеге енгізген. Олардың қатарында болмысты жарық дүние деп түсінуі, ақиқат пен әділеттілік үшін күресу, адам еркімен белсенділігін негіздеу принциптерін атап өтуге болады. Сөйтіп жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Заратуштралық құндылық бағдарлар үлы даланың мәдени өрісінде қалыптасты деген пікірді үстанамыз. Бұл құндылықтар кейінгі қазақ мәдениетінің құндылықтары жүйесінің қалыптасуында маңызды рөл атқарды. Қазақы мәдени типтің басты ұғымдары: Жарық дүние, адам болу, сұхбаттасу, табиғатты, тіршілікті қадірлеу тәрізді ұғымдарында Заратуштралық рухани ізденістердің қолтаңбасын аңғарамыз (Каирбеков, 2014)

Белгілі зерттеуші Досай Кенжетай атап өткендей, дәстүрлі түркілік мейрамның негізгі ерекшеліктерінің бірі қоршаған әлемді мәдениландіру (культивациялау) екендігі белгілі. Әлемді мәдениландіру деп кеңістіктер, бағыттар, қабаттар, символдық салт-жоралар (рәсімдер) мен діни қағидалар арқылы уақыт пен кеңістік ішінде құндылықтар жүйесінің қалыптасуын айтамыз. Осы тұрғыдан дәстүрлі қоғам адамы өз әлемін Шығыс, Батыс, Терiскей, Күнгей және Орталық деп, бағыттарға бөліп, мән-мағына дарытқан. Әрбір бағыт немесе кеңістіктің өзіндік мазмұны мен маңызы бар. Мысалы, Шығыс – көктемді; таң сәріні; тіршіліктің бастауын; алдыңғы жақ-бағытты; киіз үйдің есік жағын және т.б. кеңістіктік түрғыдан нақтылайды. Ғүн ханы таң сәріде күншығысқа бет алатын. Отаудың есігі де күншығысқа қарай ашылады. Батыс–күзді;

күнбатысты; өмірдің екінші жартысын; киіз үйдің құрметті бөлігі – төрді, яғни әруақтар әлемін білдіреді. Күнгей – жазды, түсті, өмірдің кемелдік шағын, әлемнің жоғарғы жағын, киіз үйдің еркектер отыратын тарапын, ал Теріскей – қысты, түнді, өмірдің соңы-қартаюды, әлемнің төменгі жағын, өлілер әлемін, киіз үйдің әйелдер отыратын тарапын білдіреді. Бұл құбылыс дәстүрлі түркілік дүниетанымдағы әлемді кеңістіктік түрғыдан мәденилендірудің маңыздылығын көрсетеді.

О.Сүлейменов Түріктердің Күннен жаралғандығын айтады. Алтайлықтардың түсінігінде адам жер асты дүниесінен келген сүйектерден жаратылған. Сүйектен тірілтіп, қайта жарату құбылысы Құранда да кездеседі (Kur'an, 2/259;). Сонымен дәстүрлі түркілік дүниетанымда адам судан, көк пен жерден (топырақ), ағаштан, сүйектен, күннен жаратылған болып шығады. Осылардың ішінде адамның судан жаратылуы түрік мифологияларында көбірек кездеседі. Су – жаратылыстың, өмірдің, сонымен қатар өлімнің символы. Қорқыт ата аңыздарындағы «Су аяғы – Қорқыт» түсінігі өлімді білдіреді (Сулейменов, 2003). Түркі мифологиясында жаратылыстың негізі деп суды көрсетіп отыр Түркілік космогонияның ең толық көрінісін алтайлықтардан кездестіреміз. Алтайлықтар мифологиясы бойынша, әлемде еш нәрсе жоқ кезде тек қана Тәңір (Қарахан) мен су бар еді. Қарахан формасыз, белгісіз күшке ие, ол хаос хәліндегі судан алғашқы адамды жаратты . Осы құбылыс Шумер космогониясымен мазмұндық жағынан төркіндес. Шумер мифологиясында да бастапқыда ең ескі ұлы теңіз болған. Осы ескі теңізде әлем, дүние жазығы, үсті күмбезделген жер мен көк бір-біріне бірігіп, тұтас болатын. Көк пен Жердің айырылуынан кейін өсімдіктер, жануарлар мен адамдар пайда болған. Келтірілген мысалдардан, дәстүрлі түркілік дүниетанымның космогониясы мен өмірдің көзі су деп білетін Фалестің космологиясы, сондай-ақ Қасиетті Құрандағы бүкіл нәрсенің тіршілік көзін судан жараттық деген аят арасындағы байланысты көруімізге болады

Соңғы ғасырлардағы этнограф-зерттеушілер түріктердің дүниетанымында жанның бұл дүниеде адам тәніне кірмей түрып, құс бейнесінде көк әлемінде мекен еткендігі туралы сенімнің болғандығын айтады. Орхон ескерткіштерінде Білге қаған мен Күлтегін жайында «үшты» сөзі қолданылған. Көне түркілер қағандар мен бектер өлген кезде олардың жандарының құс болып көкке үшып Тәңірі қасына кететініне сенген. Сондықтан «үшу-үшпақ», «жұмақ» ұғымы Исламға кірген түріктерде әлі күнге дейін «жәннәт» ұғымының орнына қолданылады. Махмұт Қашқари үшпақ- «үшу», яғни «жұмақ» терминінің жәннетке кіру мағынасында қолданылатындығын айтады. Жалпы осы мәліметтерге қарағанда «рух» түсінігінің адамзатпен бірге жасап келе жатқан құбылыс екендігіне көз жеткізуге болады. Адамдар арасында алдымен өлім, түс және т.с.с. құбылыстармен басталған рух түсінігі танымдық кемелденумен бірге дамып, нәтижеде философиялық теориялардың шығуына әкеліп соқты (Кенжетай, 2005)

Осы ұғымның барлық тілдерде болуы рух туралы түсініктің ең нақты дәлелі болып табылады. Дәстүрлі қоғамдағы адамдар рух болмысының бар екендігін сезініп, оны «дем алумен» бір санаған. Сондықтан да барлық тілдерде рухқа берілген есім этимологиялық түрғыдан «ауа», жел, дем мағыналарымен байланысты. Ескі түріктерде «жан» немесе «рух» ұғымдары «тын», «тин», «тыныс», «дем алу» ұғымымен берілген.

Ежелгі түріктердің жаңа жылы жануарлар күнтізбесі бойынша жыл сайын шамамен – 4-5 ақпан. Ол қалай есептеледі? Өте қарапайым: көктемгі күн мен түннің теңелетін күнін табыңыз. 2022 жылы көктемгі күн мен түннің теңелетін күні 20 наурыз, Мәскеу уақыты бойынша 18 сағат 33 минут. Көктемгі күн мен түннің теңелетін күнінен ақпан айының басына дейін 19 наурыз – 1 наурыз, 18 наурыз – 2 наурыз, 17 наурыз – 3 және т.б. деп есептейміз, сондықтан 45-ші күн 2022 жылдың 3 ақпанына келеді. Сонымен түркі халықтарының 2022 жылғы жаңа жылы 3 ақпанда басталады. 2022 жылдың 3 ақпанынан бастап біз жыл соңына қарай 72 күн санаймыз (біз 20 наурыздағы көктемгі күн мен түннің теңелетін күнін және көктемгі, күзгі күн мен түннің теңелуінің, жазғы және қысқы күн тоқырауының барлық күндерін және біздің күндізгі күнді есептемейміз. туу есепке алынбайды (қасиетті күндер) жылдың бұл күндері мерзімінен тыс күндер болып саналады және медициналық жылда өткізілмейді): 3 ақпан – 1, 4 ақпан – 2, 5 ақпан – 3 және т.б., сондықтан 72-ші күні 16 сәуірге сәйкес келеді. Сонымен біз 3 ақпаннан 16 сәуірге дейінгі уақыт аралығын көктемгі күн мен түннің теңелетін күнін есептемегенде 72 күн деп анықтадық. Біз тапқан бұл уақыт аралығы Ағаш рухтарына жатады.

Әрі қарай, 17 сәуірден бастап маусымаралық 18 күнді санаймыз: 17 сәуір – 1, 18 сәуір –

2, 19 сәуір – 3 және т.б., сондықтан 18-ші күн 4 мамырға сәйкес келеді. 17 сәуірден 4 мамырға дейінгі уақыт аралығы көктем мен жаз уақытын бөледі, сондықтан маусымаралық деп аталады. Бір жылда төрт маусымаралық кезең бар, олардың әрқайсысы 18 күн, өйткені маусымаралық мезгіл әрқайсысы 72 күннен төрт маусымды бөледі: Көктем – 72, Жаз – 72, Күз – 72, Қыс – 72. жыл мезгілдері – жердің рухтары

Қырғыздардың дәстүрлі күнтізбесі туралы С.М. Абрамзон «Қырғыздар және олардың этнографиялық, тарихи-мәдени байланыстары» деген еңбегінде күнтізбенің құрылымы мен экономикалық-культтік аспектісін анықтады. XIX ғасырдың аяғындағы халық астрологы Манаке Айманбай ұлы (1830–1914) астрономиялық бақылау әдістерді баяндады. Киіз үйдегі күмбездің (уук) сырықтарында және киіз үйдің цилиндрлік бөлігінің (кереге) ағаш торында күн мен түннің теңелетін нүктелері белгіленген. Бұл белгілер күн күнтізбесінің негізі болды. Малшылар маусымдық жұмыстарды осы күнтізбе бойынша жүргізді .

Этнографиялық және тарихи деректерге сүйенсек, бұл күнтізбе сызба және таңба түрінде болған. Дәстүр бойынша қырғыздардың киіз үйлері ежелден шығысқа қаратылған, халық жұлдызшылары оларды обсерватория ретінде пайдаланған. Киіз үйдің түтін тесігі (тюндюк) арқылы аспан денелерінің орналасуы мен қозғалысына бақылау жүргізілді. Тюндюктің диаметрлік доғалары аспан меридианы және азимут шеңбері қызметін атқарды. Тюндюк арқылы Күннің түскі сәулелеріне қарай Күннің эклиптика бойымен қозғалысында күн мен түннің теңелу және күн тоқырау нүктелері анықталды. Әрбір көшпелі отбасы астрономиялық бақылаулар жүргізуге мүмкіндік алды. Көктемнің басында, 21 наурызда Күн дискінің орталығы аспан экваторын кесіп өтіп, аспан сферасының оңтүстік жарты шарынан солтүстікке қарай жылжиды. Аспан экваторының эклиптикамен қиылысу нүктесі – көктемгі күн мен түннің теңелу нүктесі – 2000 жылы Балықтар шоқжұлдызында болған.

«Пахоты нооруз» петроглифіндегі жануарлардың орналасуы аспан денелерінің орналасуына ұқсайды, жұмбақ тізгін бейнелі белгі ☍ (қырғызша – «ооздук») Күн мен Айдың (жаңа ай) жалғауларын көрсетеді. Біздің болжамымыз бойынша, «Пахоты Ноорузе» петроглифін жұлдызды аспан картасымен салыстыру экваторлық координаталар жүйесі бойынша оңға көтерілу 8 сағ және 4 сағат арасындағы секторға сәйкес келеді. Петроглифтегі жануарлардың орналасуы жұлдызды аспанның қазіргі орналасуымен дерлік сәйкес келеді. Құс жолы Егіздер мен Тавр шоқжұлдыздарының арасынан өтеді. Петроглифте Құс жолы жануарларға қатысты бейімділікпен параллель сызықтармен бейнеленген (Абрамзон, 1990).

Наурыз мейрамы қазақ мәдениеті контекстінде

Қазақ мәдениетінде Наурыз табиғаттың көктемгі жаңаруын ғана емес, қоғамның рухани жаңғыруын, әлеуметтік үйлесімділік пен мәдени сабақтастықты бейнелейтін кешенді мәдени институт ретінде қалыптасқан. Үлттық дүниетанымда Үлыстың ұлы күні жаңа жылдың басталуы, адамның табиғатпен және қоғаммен үйлесімге келу кезеңі ретінде қабылданады. Сондықтан Наурызға қатысты қалыптасқан салт-дәстүрлердің мазмұны табиғатты қастерлеу, қоғамдық қатынастарды реттеу және адамгершілік құндылықтарды нығайту идеяларымен тығыз байланысты.

Қазақтың дәстүрлі дүниетанымында Қыдыр ата бейнесі береке, молшылық және игіліктің рәмізі болып саналады. Қыдыр түніне байланысты орындалатын ақ құю, дән мен бұлақ суын ыдысқа толтыру сияқты жоралғылар халықтың табиғаттың жаңаруын молшылықпен және өмірдің үздіксіздігімен байланысты қабылдағанын көрсетеді. Бұл рәсімдер табиғат пен адам арасындағы үйлесімділікті сақтауға бағытталған символдық тәжірибе ретінде көрінеді.

Наурыз рәсімдерінің маңызды қыры – қоғамдық келісім мен моральдық жаңаруды қамтамасыз ету. Мереке барысында өкпе-реніштi кешіру, татулыққа келу, өзара көмек көрсету, мұқтаж жандарға қолдау білдіру сияқты дәстүрлер қоғамдық ынтымақтастықты нығайтудың әлеуметтік тетігі қызметін атқарған. Осы тұрғыдан Наурыз мерекесі әлеуметтік байланыстарды қалпына келтіріп, қауым мүшелерінің ортақ құндылықтарға негізделген бірлігін бекітетін мәдени механизм ретінде қызмет етеді.

Наурыздың маңызды мәдени рәміздерінің бірі – наурыз көже. Оның құрамындағы дәстүрлі тағамдар табиғаттың маусымдық жаңаруын, қыс пен көктемнің алмасуын, тоқшылық пен берекені білдіреді. Сонымен қатар мерекелік дастарқан, үлттық ойындар, ән-күй, айтыс және көпшілікке арналған рәсімдер ұжымдық мәдени жадтың сақталуына, үрпақаралық сабақтастықтың жалғасуына және үлттық біре-

гейліктің нығаюына ықпал етеді (Өмірзақов & Тоқтабай, 2005)

Зерттеу нәтижелері қазақ мәдениетіндегі Наурыздың негізгі мазмұны табиғаттың жаңару идеясымен ғана шектелмейтінін көрсетеді. Мерекенің рәміздік құрылымында «тазару», «жаңару», «береке», «бірлік» және «үйлесім» ұғымдары өзара тұтас дүниетанымдық жүйе құрайды. Осыған байланысты ескі заттарды жою, бұлақ көзін ашу, ағаш отырғызу, айналаны тазарту сияқты дәстүрлер адамның ішкі рухани тазаруы мен қоғамдық кеңістіктің жаңаруын бейнелейтін мәдени ритуалдар ретінде түсіндіріледі. Қазіргі кезеңде Наурыз ұлттық мәдени мұраны сақтаудың ғана емес, қоғамдық бірегейлікті, мәдени жадыны және тарихи сабақтастықты нығайтудың маңызды тетігіне айналып отыр. Әсіресе Қазақстанның әртүрлі өңірлерінде сақталған жергілікті дәстүрлер, соның ішінде Батыс Қазақстандағы Көрісу күні, Наурыз мәдениетінің өңірлік ерекшеліктерін сақтай отырып, оның жалпыұлттық мазмұнын толықтыра түседі. Бұл Наурыздың дәстүрлі мәдениет пен қазіргі қоғам арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ететін өміршең мәдени институт екенін дәлелдейді. Қазақ мәдениеті контекстінде Наурыз табиғаттың циклдік жаңаруын бейнелейтін мереке ғана емес, қоғамның құндылықтық жүйесін жаңғыртатын, әлеуметтік келісімді нығайтатын және ұлттық бірегейлікті қалыптастыратын әмбебап мәдени-философиялық феномен ретінде көрінеді.

Қорытынды

Бастапқыда бостандық сүйгіш далалық түркілердің дүниетанымынан туындаған зороастризм мидиялықтар мен парсылардың құл иеленушілік мемлекет қажеттіліктеріне икемделу барысында өзінің табиғи тамырларынан айырылып, догматталған, қатып-сенген діни-идеологиялық сипатқа ие болады. Орталық Азия мен Қазақстан жерінде исламның таралуы барысында зороастризмнің негізгі қағидалары мен әдет-ғұрыптары жаңа дінге қабылданып, сіңіп кетеді. Сөйтіп, зороастризмдік рәсім-рәміздер жаңа сипатқа ие болғанымен, өзінің мазмұндық ерекшеліктерін сақтап қалады, ал кейбір түрмыстық рәсім-рәміздер ойындық мәдениет элементтері ретінде сақталады.

Наурыз мерекесін Күн мен түннің теңесу сәтімен байланыстырады. Алайда түркілерде, дәлірегі қазақтарда, бұл күнді наурыздың 21-нен 22-сіне қараған түні емес, бұрынғы күнтізбе бойынша 1 наурыздан, бүгінгі күнтізбе бойынша 14 наурыздан бастап мерекелеу дәстүрі бар. Атабабамыз Наурыз мейрамын оның басты ғұрпы – Көрісуден бастаған. Осыған қатысты мынадай айғақтарды келтіруге болады (Malikov, 2020)

1-айғақ. Шоқан Уәлиханов қазақы күнтізбені үш тілде келтіріп, оны Наурыздан бастайды. Ал Наурыз айының қазіргі күнтізбедегі 14 наурыздан басталатыны мәлім.

2-айғақ. Шәкәрім Құдайбердінің баласы Ахаттың естелігінде: «14-март – ескіше 1-март. Әкей айтты: «Бүгін ескіше 1-март, қазақша Жаңа жыл, Үлыстың Үлы күні дейді. Ал жаңа жылдың бұрынғы аты – Наурыз, бұл парсы тілі. «Жаңа күн» деген сөз. Қожа-молдалар ескі әдетті қалдырамыз деп, құрбан, ораза айттарын ұлыс күні дегізіп жіберген. Ескі қазақша, ескі түрікше жаңа жыл күнінің аты – ұлыс».

3-айғақ. Мәшһүр-Жүсіп: «Жиырма тоғыз жасымда Бұхара-Шәрифте Ғабдалахыд ханның наурыздама тойының сегіз күн ішінде (ескіше 1–8 наурыз) болдым, дәл сегізінші күн: «»Мазар Шариф – деседі»

Наурыз мерекесінің мезгілі тек Күн мен түннің теңесуімен шектелмей, көктемнің шығуы мен жылдың басын білдіретінін аңғаруға болады. Тоқсан күн қыс 13 наурызбен аяқталып, жылдың да, көктемнің де басы 14 наурыз болып есептелінеді. Яғни, Наурыз мейрамы Күнге табыну рәсімінің салтанаты ретінде де, түркіше Жаңа жыл – «Амал» атауымен Көрісу, Наурызкөже секілді ғұрыптар мен атрибуттар арқылы да мерекеленіп келгенін ескеру қажет. Наурыздың табиғи нышандарына жыл құсы саналатын «наурызек» аталатын торғайдың көрінуі, бәйшешектің көктеуі, жердегі тоңның жібіп, қардың аласапыран еруі жатады. Бұл көрініс Абайдың «Жазғытұры» өлеңінде толық бейнеленген.

Осы феноменді зерттеудің мақсаты – Наурыз мерекесінің табиғи-күнтізбелік құбылыс қана емес, түркі халықтарының уақыт туралы түсінігін, табиғат пен адам арасындағы үйлесім қағидатын, мәдени жады мен рухани сабақтастықты бейнелейтін дүниетанымдық жүйе екенін ғылыми түрғыдан негіздеу. Зерттеудің ғылыми маңыздылығы Наурыздың дәстүрлі ғұрыптары мен символдарының философиялық және мәдениеттанулық мазмұнын ашу арқылы оның қазіргі қоғамдағы ұлттық бірегейлікті, мәдени кодты және тарихи-мәдени

сабақтастықты сақтаудағы рөлін айқындауында көрінеді.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар жарияланымға байланысты ешқандай мүдделер қақтығысы жоқ екенін растайды.

Авторлар үлесі

Елдос Осербаев зерттеудің тұжырымдамасын әзірлеуге, зерттеу мәселесін негіздеуге, әдебиеттерге талдау жүргізуге, мақаланың негізгі мәтінін жазуға, нәтижелерді интерпретациялауға және қолжазбаның соңғы нұсқасын дайындауға жетекшілік етті.

Жұмагүл Бекенова зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздерін әзірлеуге, ғылыми дереккөздерді жүйелеуге, түркі дүниетанымына қатысты материалдарды талдауға және мақаланың жекелеген бөлімдерін ғылыми тұрғыдан пысықтауға үлес қосты.

Еркебұлан Ержанов зерттеудің ғылыми мазмұнын сараптауға, философиялық және мәдениеттанулық тұжырымдарды нақтылауға, нәтижелерді ғылыми тұрғыдан талдауға және қолжазбаны академиялық редакциялауға қатысты.

Өзкүл Чобаноглы (Хаджеттепе университеті, Түркия) зерттеудің теориялық тұжырымдамасын жетілдіруге, түркі халықтарының мәдени мұрасы мен дүниетанымына қатысты салыстырмалы талдау жүргізуге, зерттеудің ғылыми жаңалығын бағалауға және мақаланың халықаралық ғылыми талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етуге үлес қосты.

Барлық авторлар зерттеудің тұжырымдамасын талқылауға, қолжазбаны дайындауға және ғылыми тұрғыдан жетілдіруге елеулі үлес қосты. Авторлар мақаланың соңғы нұсқасымен танысып, оны жариялауға мақұлдады.

Айгерім Кабдолланова (Қазақстан-Британ техникалық университеті, Қазақстан) зерттеудің философиялық және әдіснамалық аспектілерін талдауға, ғылыми тұжырымдарды нақтылауға, зерттеу нәтижелерін интерпретациялауға, қолжазбаның құрылымы мен академиялық мазмұнын жетілдіруге және мақаланы ғылыми редакциялауға үлес қосты.

Әдебиеттер

United Nations General Assembly. (2010). *International Day of Nowruz* (A/RES/64/253).

Артықбаев, Ж., & Қаленова, Т. (2025). Наурыз: тарихы, ғұрып-салттары және ұлттық бірегейлікті қалыптастыру қызметі. *JETE – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies, 152*(3), 53–68.

Кенжеева, А. Т. (2025). Өзбекәлі һәм Наурыз. *In The World Of Science and Education*, (31 март, № 2), 7–9.

Zeinullin, R., Kudaibergenova, N., Aidarbekov, Z., Kuranbek, A., & Gabitov, T. (2025). Understanding Nauryz among Kazakhs and Nogais: The cyclical concept of time and cultural renaissance. *Frontiers in Communication, 10*, 1693748.

Turdubaeva, N., & Zhumgalbekov, A. (2024). Нооруз – түрк дүйнөсүндөгү жаңыланууну жарчысы. *Journal of Turkic Civilization Studies, 5*(1), 11–20.

Жетпысбаев, С. К. (2023). Традиции и обычаи казахского народа: место и роль в модернизации общества. *Вестник Новосибирского государственного университета. Серия: История, филология, 22*(8), 9–19.

Aras, E. (2021). TÜRKLERDE NEVRUZ BAYRAMI. *Giresun Üniversitesi İktisadi ve İdari Bilimler Dergisi, 7*(2), 345–370.

Suiçer, M., & Gökbayır, T. (2024). SLAV VE TÜRK DÜNYASINDA BAHAR BAYRAMLARININ ORTAK MOTİFLERİ: MASLENİTSA VE NEVRUZ. *Uluslararası Türk Lehçe Araştırmaları Dergisi (TÜRKLAD), 8*(2), 377–389.

Çetin, E. (2009). Türk dünyasının ortak kültür mirası: Nevruz. *The Journal of Academic Social Science Studies, 2*(1), 63–71.

Başar, U., & Gözcü, N. (2026). The contribution of intangible cultural heritage to the culture industry: The case of Nowruz among Iranian Turks. *International Journal of Intangible Heritage, 21*, 31–49. https://doi.org/10.35638/ijih.2026.1.21.002

Каирбеков, Б. (2014). *Мир кочевья. Мифы Великой Степи. Казахский этикет*. Астана: Казахский научно-исследовательский институт культуры.

Кенжетай, Д. (2005). Дәстүрлі түркілік дүниетаным және оның мәні. In Т. Ғабитов & Д. Кенжетай (Құраст.), *Қазақ халқының философиялық мұрасы: Ежелгі көшпелілер дүниетанымы* (1-т., 71–96-бб.).

Абрамзон, С. М. (1971). *Киргизы и их этногенетические и историко-культурные связи*. Ленинград: Наука.

Өмірзақов, Т. М., & Тоқтабай, А. (2005). Наурыз. In *Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары: Біртұтастығы және ерекшелігі* (1-т., 11–22-бб.). Алматы: Арыс.

Malikov, A. M. (2020). Celebration of Nowruz in Bukhara and Samarkand in ritual practice and social discourses (the second half of the 19th to early 20th centuries). *Archaeology, Ethnology and Anthropology of Eurasia, 48*(2), 122–129. https://doi.org/10.17746/1563-0110.2020.48.2.122-129

References

United Nations General Assembly. (2010). *International Day of Nowruz* (A/RES/64/253).

Artykbayev, Zh., & Kalenova, T. (2025). Nauryz: History, rituals and traditions, and its role in the formation of national identity. *JETE – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies, 152*(3), 53–68.

Kenzheyeva, A. T. (2025). Ozzbekali and Nauryz. *In the World of Science and Education*, (No. 2, March 31), 7–9.

Zeinullin, R., Kudaibergenova, N., Aidarbekov, Z., Kuranbek, A., & Gabitov, T. (2025). Understanding Nauryz among Kazakhs and Nogais: The cyclical concept of time and cultural renaissance. *Frontiers in Communication, 10*, 1693748.

Turdubaeva, N., & Zhumgalbekov, A. (2024). Nooruz – the herald of renewal in the Turkic world. *Journal of Turkic Civilization Studies, 5*(1), 11–20.

Zhetpysbayev, S. K. (2023). Traditions and customs of the Kazakh people: Their place and role in the modernization of society. *Bulletin of Novosibirsk State University. Series: History and Philology, 22*(8), 9–19.

Aras, E. (2021). Nowruz celebration among the Turks. *Giresun University Journal of Economics and Administrative Sciences, 7*(2), 345–370.

Suiçer, M., & Gökbayır, T. (2024). Common motifs of spring festivals in the Slavic and Turkic worlds: Maslenitsa and Nowruz. *International Journal of Turkic Dialect Research (TÜRKLAD), 8*(2), 377–389.

Çetin, E. (2009). Nevruz as the common cultural heritage of the Turkic world. *The Journal of Academic Social Science Studies, 2*(1), 63–71.

Başar, U., & Gözcü, N. (2026). The contribution of intangible cultural heritage to the culture industry: The case of Nowruz among Iranian Turks. *International Journal of Intangible Heritage, 21*, 31- 49. https://doi.org/10.35638/ijih.2026.1.21.002

Kairbekov, B. (2014). *The world of nomadic culture: Myths of the Great Steppe. Kazakh etiquette*. Astana: Kazakh Research Institute of Culture.

Kenzhetai, D. (2005). Traditional Turkic worldview and its significance. In T. Gabitov & D. Kenzhetai (Eds.), *Philosophical heritage of the Kazakh people: The worldview of the ancient nomads* (Vol. 1, pp. 71–96).

Abramzon, S. M. (1971). *The Kyrgyz and their ethnogenetic and historical-cultural ties*. Leningrad: Nauka.

Omirzakov, T. M., & Toktabay, A. (2005). Nauryz. In *Traditions and customs of the Kazakh people: Unity and specificity* (Vol. 1, pp. 11–22). Almaty: Arys.

Malikov, A. M. (2020). Celebration of Nowruz in Bukhara and Samarkand in ritual practice and social discourses (the second half of the 19th to early 20th centuries). *Archaeology, Ethnology and Anthropology of Eurasia, 48*(2), 122–129. https://doi.org/10.17746/1563-0110.2020.48.2.122-129

Авторлар туралы мәлімет:

Осербаев Елдос – философия докторы (PhD), әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті аға оқытушысы (Алматы, Қазақстан, e-mail: eldos.cs@mail.ru) ORCID: https://orcid.org/0000-0002-2842-0141

Бекенова Жумагул (хат-хабар алмасуға жауапты автор) – философия докторы (PhD), әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті доцент м.а. (Алматы, Қазақстан, e-mail: bekenova.zhumagul@kaznu.kz) ORCID: https://orcid.org/0000-0001-5618-4556

Ержанов Еркебұлан – философия докторы (PhD), Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті аға оқытушысы (Алматы, Қазақстан, e-mail: erke7330@gmail.com) ORCID: https://orcid.org/0000-0001-8022-4490

Өзкүл Чобаноглы (Özkul Çobanoğlu) – Хаджеттепе университеті профессоры (Анкара, Түркия, e-mail: ozkul@hacettepe.edu.tr) ORCID: https://orcid.org/0000-0002-1409-4197

Кабдолланова Айгерім – сеньор-лектор, Қазақстан-Британ техникалық университеті (Алматы, Қазақстан).

Information about the authors:

Yeldos Oserbayev – PhD, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: eldos.cs@mail.ru). ORCID: https://orcid.org/0000-0002-2842-0141

Zhumagul Bekenova (Corresponding Author) – PhD,Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: bekenova.zhumagul@kaznu.kz). ORCID: https://orcid.org/0000-0001-5618-4556

Yerkebulan Erzhanov – PhD, Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: erke7330@gmail.com). ORCID: https://orcid.org/0000-0001-8022-4490

Özkul Çobanoğlu – Professor, Hacettepe University (Ankara, Türkiye, e-mail: ozkul@hacettepe.edu.tr). ORCID: https://orcid.org/0000-0002-1409-4197

Kabdollanova Aigerim – Senior Lecturer, Kazakh-British Technical University (Almaty, Kazakhstan).

Сведения об авторах:

Осербаев Елдос – PhD, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: eldos.cs@mail.ru).

Бекенова Жумагуль (корреспондирующий автор) – PhD, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: bekenova.zhumagul@kaznu.kz).

Ержанов Еркебулан – PhD, Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан, e-mail: erke7330@gmail.com).

Озкул Чобаноглу – профессор Университета Хаджеттепе (Анкара, Турция, e-mail: ozkul@hacettepe.edu.tr).

Кабдолланова Айгерим – сеньор-лектор Казахстанско-Британского технического университета (Алматы, Казахстан).

Поступила 02.05.2026
Принята 01.07.2026